«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 11 тамыздағы шешімімен БЕКІТІЛДІ**
**№ 9 хаттама**
**Директорлар кеңесінің Төрайымы**
**Г.И. Исимбаева**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН КАФЕДРА МЕҢГЕРУШІЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Алматы, 2021 ж.**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Педагогикалық, ғылыми қызметкерлері мен кафедра меңгерушілері лауазымдарына конкурстық орналастыру туралы» Ережесі (бұдан әрі - Ереже) ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР «Ғылым туралы» Заңына, ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қарашасында №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» және «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Университеті) Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереженің мақсаты, педагогикалық және ғылыми қызметкерлер мен кафедра меңгерушілеріне конкурсқа қатысуына тең мүмкіндіктер беру, бәсекелестікті, әділдікті, жариялылықты қамтамасыз ету, конкурсты өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, университетте білім беру үдерісін қамтамасыз ету үшін үздік педагогикалық қызметкерлерді таңдауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Университеттің штаттық кестесінде қарастырылған педагогикалық қызметкерлердің лауазымдарына: кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, оқытушы-ассистент кіреді.

1.4. Штаттық кестеде көзделген ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына ғылыми-зерттеу парктерінің, қолданбалы зерттеу және функционалдық технологиялар орталықтарының басшылары, оқу-зерттеу зертхана меңгерушілері және қызметкерлері кіреді.

1.5. Конкурсқа төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұратындар;
- ҚР Еңбек кодексінің 26-бабында көзделген шектеулер негізінде.

1.6. Өнер, мәдениет және спорт саласындағы доценттер, профессорлар (теңестірілген тұлғалар ретінде) лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ мамандық бағыттары бойынша практикалық жұмыста тиісті тәжірибесі бар мамандар жіберілуі мүмкін.

1.7. Конкурстық комиссия Басқарма Төрағасы-Ректорге ҚР Еңбек кодексінің 30-бабының 5-тармағына, ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған, жоғары кәсіби және біліктілік деңгейі бар қызметкермен, оның еңбек ету қабілеттілігі ескеріле отырып, 2 немесе 3 жылға еңбек шартын ұзартуға ұсынымдар беруге құқылы.



(Оразимов Д.Д.) (Рыскалиев Д.У.) (Жумадилов)

Бір жыл өткеннен кейін, зейнеткерлік жасқа толған қызметкермен еңбек шартының мерзімін одан әрі ұзарту Конкурстық комиссияның алдыңғы шешімнің нәтижелерін растағаннан кейін жүзеге асырылатын болады.

1.8. Кафедралардың кадрлық құрамын қалыптастыруға және оқу үдерісін қамтамасыз етуге институт директорлары, кафедра меңгерушілері толық жауаптылықта болады.

## 2. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

2.1. Конкурс туралы хабарландыру университеттің немесе республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының интернет ресурсында орналастырылады.

2.2. Конкурсқа қатысу туралы өтiнiштер хабарландыруда көрсетiлген мерзiмде қабылданады.

2.3. Осы Ереженің 3.1. тармағында көрсетілген құжаттар толық болмаған жағдайда, конкурс өткізілгенге дейін, конкурсқа қатысуға өтініш берген тұлғаға барлық құжаттары өтінішімен бірге қайтарылады.

2.4. Белгіленген мерзімдер сақталмаған жағдайда конкурс және бос лауазымдар туралы ақпарат (хабарландыру) қайтадан жарияланады.

## 3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ШАРТТАРЫ

3.1. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға университеттің персоналды басқару бөліміне келесідей құжаттарды ұсынады:

1) **университет қызметкерлері**:

- Басқарма Төрағасы - Ректордың атына конкурсқа қатысу туралы өтініші (**1-қосымша**);
- үміткердің электрондық форматтағы анкетасы (**2-қосымша**);
- үміткердің қызметін бағалау жөніндегі сауалнама (**3-қосымша**);
- кафедра отырысының шешімі, Бас ғалым хатшы куәландырған ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі (соңғы 5 жылғы);
- шет тілдерін меңгергені туралы сертификаттар (бар болған жағдайда);
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары (соңғы 5 жылғы).

2) **университеттің штаттық қызметкерлері болып табылмайтын үміткерлер**:

- Басқарма Төрағасы - Ректордың атына конкурсқа қатысу туралы өтініші (**1-қосымша**);
- үміткердің электрондық форматтағы анкетасы (**2-қосымша**);
- жеке куәліктің көшірмесі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат, салыстыру үшін олардың түпнұсқалары;

- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін), кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- наркологиялық, психоневрологиялық ұйымдарда есепте жоқ екенін растайтын медициналық анықтамалар;
- шет тілдерін меңгергені туралы сертификаттары (бар болған жағдайда);
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары (соңғы 5 жылғы);
- бас ғылым хатшы куәландырған ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі (соңғы 5 жылғы);
- соңғы жұмыс орнынан мінездеме немесе кепілдеме және өмірбаяны.

3.2. Бос лауазымға үміткердің анкетасы оның педагогикалық және ғылыми қызметінің сапасын бағалау үшін қажет.

Үміткерге анкета жүргізудің негізгі міндеттері:
- үміткерддің қызметінің тиімділігін барынша серпінді көрсететін толық ақпараттық деректер банкін құру;
- университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің сапалы құрамын қалыптастыру;
- кандидаттың педагогикалық және ғылыми қызметін бағалау үшін бірыңғай кешенді өлшемдерін алу;
- ғылыми-педагогикалық қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалаудың тұрақты жүйесін құру.

3.3. Анкета деректерімен жұмыс істеу рәсімі:
- әрбір үміткер ұсынылған «үміткердің анкетасы» бланкісін (2-қосымшада), растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кандидаттың академиялық кезеңдегі қызметінің нәтижелерін көрсететін жеке көрсеткіштері негізінде толтырады;
- анкетаны толтыруды үміткерлер «Өлшеу кезеңділігі» сауалнамасында көрсетілген кезеңде қол жеткізілген нәтижелер негізінде жүргізеді;
- толтырылған анкеталар кафедра меңгерушісінің қарауына беріледі. Кафедра меңгерушілері, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесінің мамандарын қоса отырып, кафедралардың педагогикалық қызметкерлері қатарынан комиссия құрады. Құжаттарды тексеру үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;
- қарау нәтижелері бойынша, анықталған ескертулер мен жүргізілген түзетулерді ескере отырып, кафедра меңгерушілері анкеталарды бекітеді.

3.4. Кафедра меңгерушілері, конкурсқа қатысатын штаттық педагогикалық қызметкерлердің қызметін бағалау үшін кафедраның үш

жетекші маманын тарта отырып «Оқытушының қызметін бағалау жөніндегі сауалнаманы» толтырады (3-қосымшада).

3.5. Конкурсқа қатысатын университет қызметкерлері бойынша үміткердің педагогикалық және ғылыми қызметін бағалау «Оқытушының қызметін бағалау жөніндегі сауалнама» негізінде іске асырылады.

3.6. Конкурс «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілік сипаттамаларына сәйкес өткізіледі (4-қосымшада).

3.7. Барлық конкурстық құжаттар тиісті кафедралардың отырыстарында алдын-ала қаралады. Кафедра қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

3.8. Конкурсқа қатысатын тұлғалар кафедра отырысында, сауалнамада көрсетілген кезеңде, ғылыми-педагогикалық қызметі туралы есептерін береді.

3.9. Әрбір үміткер бойынша кафедра қорытындысы жасырын дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және институттың Ғылыми кеңесінің қарауына жіберіледі.

3.10.Конкурстық құжаттар, оның ішінде ұсынымдар, кафедраның және Ғылыми кеңестердің хаттама үзінділері, белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың қолымен университеттің персоналды басқару бөліміне жолданады.

3.11.Кафедра меңгерушісі лауазымы бойынша конкурстық құжаттар, алдын-ала қорытынды беру үшін, Басқарма Төрағасы - Ректордың қолымен тиісті институттарға жіберіледі.

Институттың Ғылыми кеңесінің отырысында, кафедра меңгерушісі лауазымына кандидатураларды қарау кезінде, академиялық мәселелер жөніндегі проректор төрағалық етеді.

3.12.Кафедра қорытындысы және институттың Ғылыми кеңесінің ұсынымы, егер олардың отырысына кафедра құрамының және институт Ғылыми кеңесінің мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, жарамды болып саналады.

3.13.Кафедра қорытындысына (келісім бойынша) және кафедра меңгерушісі лауазымына үміткер бойынша институттың Ғылыми кеңесінің ұсынымына академиялық мәселелер бойынша проректор қол қояды.

3.14.Конкурсқа қатысушылар кафедраның және институттың Ғылыми кеңесінің отырысына қатысуға және олардың қалауы бойынша, қорытындының мәтінімен танысуға құқылы.

## 4. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ

4.1. Конкурстық комиссияның саны мен жеке құрамы, оның өкілеттілік мерзімі университет Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.2. Конкурстық комиссия конкурсты өткізу нысанын, рәсімін, мерзімін айқындайды, конкурстық құжаттамаға талдау жүргізеді, конкурс қорытындысы бойынша шешім шығарады.

4.3. Конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:

1) конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

2) конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3) конкурсты өткізу кезінде объективтілік пен жариялылық қағидаттарын сақтау.

4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

5) үміткермен еңбек шартын жасасу немесе жасаспау жөнінде Басқарма Төрағасы - Ректорына ұсыным жасау.

4.4. Конкурстық комиссияның құрамы кемінде жеті адамнан тұрады және олардың құрамына төраға ретінде проректорлердің біреуі, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

4.5. Конкурстық комиссия төрағасының міндеттері:

- конкурстық комиссияның отырыстарын өткізу, оның жұмыс кестесін белгілеу;

- Басқарма Төрағасы – Ректорге конкурстық комиссия отырысының хаттамасын, материалдарын уақытылы ұсыну;

- конкурсқа қатысушыларды шығарылған шешіммен таныстыру, конкурстық құжаттаманың дұрыс қалыптастырылуына бақылауды жүзеге асыру.

## 5. КОНКУРС БОЙЫНША САЙЛАУ ТӘРТІБІ

5.1. Конкурстық комиссия үміткерлердің қызметінің қорытынды нәтижелеріне талдамалық баға беру тәртібінде келесідей нысанда конкурс жүргізеді: сауалнама жүргізу; сараптамалық бағалау; тестілеу; әңгімелесу; шығармашылық есептерді тыңдау; авторлық әзірлемелерді қорғау; практикалық тапсырмаларды орындау (бір немесе бірнеше нысанды қолдана отырып).

Конкурстық комиссия үміткерлердің біліктілік деңгейін айқындау үшін әрбір лауазым бойынша олардың білімін тексереді.

5.2. Сұхбаттасудың мақсаты, үлгілік біліктілік сипаттамалар негізінде, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

5.3. Әрбір үміткер бойынша конкурстық комиссияның отырысында кафедралар мен Ғылыми кеңестің (кафедра меңгерушілерінің лауазымы бойынша) қорытындысы жарияланады.

5.4. Конкурстық комиссия, кафедраның және (немесе) институттардың Ғылыми кеңестерінің қорытындысы жарияланғаннан кейін, ашық дауыс беру арқылы үміткерді жасырын дауыс беруге арналған бюллетенге енгізу туралы шешім қабылдайды (**5-қосымшада**).

5.5. Кандидатура бойынша келісу немесе келіспеу әр үміткердің тегінің алдына «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздердің жазылуымен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер



(Оразова Э.Д.) (Рыскулиев Д.У) (Жумадилов)

қатысқан жағдайда, бірде-бір тегі сызылмаған бюллетен жарамсыз деп танылады.

5.6. Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия, жасырын дауыс беру алдында, құрамында комиссияның кемінде үш мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді, хаттама конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

5.7. Егер дауыс беруге конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 құрамы қатысса конкурстық шешім жарамды болып саналады. Конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысын алған үміткер сайланған болып танылады.

5.8. Конкурстық комиссия жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде, әрбір үміткер бойынша, «Еңбек шартын жасасу үшін университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорына ұсынылады» немесе «Еңбек шартын жасасу университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорына ұсынылмайды» деген тұжырыммен ұсыныстар дайындайды.

5.9. Комиссия хатшысы конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен конкурсқа қатысқан адамдарды таныстырады.

5.10.Конкурстық комиссияның оң ұсынысын алған тұлғамен, конкурстың қорытындысы негізінде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

Кафедра меңгерушілерімен еңбек шартын жасауды тікелей университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры жүзеге асырады.

Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және сенімхатқа сәйкес педагогикалық қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасуды университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры жүзеге асырады.

5.11.Лауазымға орналасу 1 жылдан 3 жылға дейін мерзімге айқындалады. Еңбек шартының мерзімін айқындауда конкурстық іріктеуден өткен адамның біліктілік деңгейі ескеріледі.

Еңбек шартының аяқталу мерзімі оқу жылының аяқталуымен, яғни тиісті жылдың 31 тамызына дейінгі мерзіммен белгіленеді.

5.12.Еңбек шартының талаптары, оның қолданылу мерзімі Басқарма Төрағасы - Ректордың лауазымға тағайындау туралы бұйрығының мазмұнында айқындалуы мүмкін.

## 6. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

6.1. Конкурсқа қатысушылар университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорының атына өтініш беру арқылы конкурстық комиссияның шешімдеріне шағымдануға құқылы.

6.2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурстық сұрақтар бойынша туындайтын қатынастарға жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі қағидалар қолданылады.



(Оразова Э.Т.) (Рыскалиев Д.У.) (Жулиодинов)

6.3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес еңбек даулары жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясында (отырысында) қаралады.

## 7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Осы Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады, тек сертификаттау аудиті кезінде сертификаттау органдарының сарапшыларын, тұтынушы-серіктестерін қоспағанда, университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың рұқсатымен беріліп, білім беру қызметінің басқа субъектілеріне берілмейді.

## 8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Ереже университеттің басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған, жұмыс берушінің құқықты жүзеге асырушылық және құқықты қолданушылық маңызы бар актісі болып табылады.

8.2. Осы Ережемен анықталған талаптарды сақтамау кінәлі адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз болады.

8.3. Осы Ереже қол қойылған күнннен бастап қолданылады.

Педагогикалық, ғылыми қызметкерлер
және кафедра меңгерушілері
лауазымдарына конкурстық орналастыру
Ережесіне
*1-Қосымша*

*ӨТІНІШ НЫСАНЫНЫҢ ҮЛГІСІ*

Абай атындағы ҚазҰПУ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Д. Биляловқа

___________________________________,
Т.А.Ә.

___________________________________
лауазымы

тел.______________________________

## ӨТІНІШ

Мені _______________________________ кафедрасы / _____________________________ білім беру бағдарламасы бойынша бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуыма рұқсат беруіңізді сұраймын.

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ педагогикалық, ғылыми қызметкерлер мен кафедра меңгерушісі лауазымдарына конкурстық орналасу Ережесімен, бос лауазымға қойылатын біліктілік сипаттамаларының талаптарымен таныстым, оларды орындауға міндеттенемін.

Менің тарапымнан ұсынылған ақпараттың дұрыстығын, конкурс қатысушыларына қойылатын талаптарға сәйкестігімді, сондай-ақ ҚР «Білім туралы» Заңы 51-бабының 1-тармағына, ҚР Еңбек кодексінің 26-бабына сәйкес педагогикалық қызметке тыйым салу жағдаяттарының жоқтығын растаймын.

*Қосымша:* Профессорлық оқытушылық құрамының бос лауазымына үміткердің анкетасы қоса берілген құжаттарымен ____ парақта.

__________________________ _______________ «____» ____________ 20___ ж.
/Т.А.Ә./ /қолы/

Педагогикалық, ғылыми қызметкерлер
және кафедра меңгерушілері
лауазымдарына конкурстық орналастыру
Ережесіне
*2-Қосымша*

**Профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымына**

**ҮМІТКЕР АНКЕТАСЫ**

Нұсқаулық: толтыруға арналған жолдар курсивпен және түспен белгіленген

| |
|---|
| *Тегі, Аты, Әкесінің аты (жеке куәлік бойынша)* |
| *Туған күні (күні / айы / жылы)* |
| *Негізгі білімі (ЖОО атауы, бітірген жылы, мамандығы)* |
| *Ғылыми дәрежесі, атағы (мамандық шифрын көрсете отырып)* |
| *Жұмыс тәжірибесі (жалпы ғылыми-педагогикалық / Абай атындағы ҚазҰПУ-де)* |
| *Атқаратын лауазымы* |
| *Үміткер лауазым* |
| *Кафедра* |
| *Институт (факультет)* |

| № | Көрсетшік атауы | Өлшеу жиілігі | *Саны* | Бірлік балы | Барлық балы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **I Оқу-әдістемелік жұмыс** | | | | | |
| 1 | **Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің таңбасы бар оқулық** | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 11 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны.* | | | | | |
| 2 | **Оқу әдістемелік бірлестігінің, Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің таңбасы бар оқу құралы** | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 6 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны.* | | | | | |
| 3 | **Оқулық / оқу құралы таңбасыз (оның ішінде электрондық форматта)** | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 4 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны.* | | | | | |
| 4 | **Оқу жұмысының түрлері бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелер** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 3 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны.* | | | | | |
| 5 | **Жаңа оқу курсы бойынша жұмыс бағдарламасын әзірлеу** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |
| *Оқу курсының атауы, мамандығы* | | | | | |
| 6 | **Шетел тілінде дәріс оқу** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 4 | 0 |
| *Оқу курстарының атауы* | | | | | |
| 7 | **Біліктілікті арттыру:** | 5 жыл (2016-2021) | | | |
| | шетелдік университеттерде (күндізгі) | | *0* | 3 | 0 |
| *Университеттің атауы, елі, өту кезеңі, растайтын ақпарат* | | | | | |
| | республиканың білім беру саласындағы жетекші | | *0* | 1 | 0 |



(Ерназарова Э.Д.) (Рыскалиев Д.У.) (Жу...)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдарында | | | | |
| *Ұйымның атауы, өту кезеңі, растайтын ақпарат* | | | | | |
| | Абай атындағы ҚазҰПУ-де | | *0* | 1 | 0 |
| *Біліктілікті арттыру бағдарламасының атауы, өту кезеңі, сертификат* | | | | | |
| 8 | **Оқулықтарға, оқу құралдарына пікір жазу** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны* | | | | | |
| | **Оқу-әдістемелік жұмысы бойынша барлығы:** | | | | **0** |
| **II Ғылыми-зерттеу жұмысы** | | | | | |
| 1 | **Монография** | | | | |
| | шетелдік басылым | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 12 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны* | | | | | |
| | республикалық басылым | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 7 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны* | | | | | |
| | университеттік басылым | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 5 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың тегі мен аты-жөні, толық атауы, Басылым түрі, Жарияланған орны, баспа атауы, жарияланған жылы, беттердің жалпы саны* | | | | | |
| 2 | **Мақала** | | | | |
| 2.1 | Scopus/Web of Science | 5 жыл (2016-2021) | | | |
| | Q1 | | *0* | 13 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| | Q2 | | *0* | 11 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| | Q3 | | *0* | 10 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| | Q4 | | *0* | 8 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| 2.2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған журналдарда | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 7 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| 2.3 | Шетелдік басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар (2-тармақта көрсетілгендерден басқа) | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| 2.4 | Республикалық басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар (3 тармақта көрсетілгендерден басқа) | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 1 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| 2.5 | Конференциялардағы баяндамалардың тезистері: | | | | |
| | Шетелдік | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| | халықаралық және республикалық | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 1 | 0 |
| *Нөмірленген библиографиялық тізім: автордың (Авторлардың) тегі мен аты-жөні; мақаланың толық атауы; жарияланған журнал (газет, кітап, жинақ); жылы, айы, шығарылым нөмірі (мерзімді басылымдар үшін), кітаптар үшін тек жылды көрсету қажет; мақала орналастырылған беттер* | | | | | |
| 3 | **Ғылыми мақалалардан дәйексөз алу көрсеткіші (Хирша индексі)** | | | | |
| | свыше 5 | | *0* | 13 | 0 |
| | 3 -- 5 | | *0* | 11 | 0 |
| | до 3 | | *0* | 9 | 0 |
| 4 | **Патенттер / авторлық куәліктер** | | | | |
| | шетелдік | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 13 | 0 |
| *Патенттің / авторлық куәліктің нөмірі және берілген күні* | | | | | |
| | республикалық | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 11 | 0 |
| *Патенттің / авторлық куәліктің нөмірі және берілген күні* | | | | | |
| 5 | **Авторлық көрмелер** | | | | |
| | халықаралық | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 12 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | республикалық | 5 жыл (2016-2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 6 | **Кандидаттың PhD докторы дәрежесін алуы** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 7 | **PhD докторы дәрежесін бере отырып, докторантқа ғылыми кеңес беру** | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 8 | **Гранттар** | | | | |
| | басшылық (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырысы) | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | қатысу (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырысы) | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 3 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басшылық (халықаралық гранттар) | 1оқу жылы (2020/2021) | 0 | 13 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | қатысу (халықаралық гранттар) | 1оқу жылы (2020/2021) | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | басшылық (университеттік гранттар) | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | қатысу (университеттік гранттар) | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 9 | **Пәндік және ғылыми олимпиадалардың жүлдегерлерін дайындау** | | | | |
| | халықаралық | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат (медальдар, дипломдар, грамоталар, сыйақы және т. б.) | | | | | |
| | республикалық | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат (медальдар, дипломдар, грамоталар, сыйлықтар және т. б.) | | | | | |
| 10 | **Білім алушылар оқытушының жетекшілігімен жеңіп алған гранттар, стартаптар** | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 11 | **Диссертациялық кеңестегі жұмысы** | 1 оқу жылы (2020/2021) | | | |
| | Диссертациялық кеңестің төрағасы | | 0 | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Диссертациялық кеңестің хатшысы | | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Диссертациялық кеңестің мүшесі | | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 12 | **Докторлық диссертацияларды рецензиялау** | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 13 | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған журналдарда ғылыми мақалаларды рецензиялау** | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | **Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша барлығы:** | | | | 0 |
| **III. Әлеуметтік-тәрбие, спорттық-сауықтыру жұмысы** | | | | | |
| 1 | **Мектептерде, колледждерде кәсіптік бағдарлау және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу** | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Студенттердің жобаларын басқару (волонтерлік, салауатты өмір салтын насихаттау, жастар арасында толеранттылықты қалыптастыру, студенттік өзін-өзі басқару және т. б.)** | 1 оқу жылы (2020/2021) | | | |
| | халықаралық | | 0 | 3 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | республикалық | | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | облыстық, қалалық | | 0 | 1 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 3 | **Шығармашылық конкурстардың, фестивальдердің, спорттық жарыстардың жүлдегерлерін дайындау** | 1 оқу жылы (2020/2021) | | | |
| | халықаралық | | 0 | 3 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | республикалық | | 0 | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | облыстық, қалалық | | 0 | 1 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 4 | **Қазылар алқасының жұмысына қатысу, төрешілік (халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, ЖОО аралық іс-шаралар)** | 1 оқу жылы (2020/2021) | 0 | 1 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | **Әлеуметтік-тәрбие, спорттық-сауықтыру жұмыстары бойынша барлығы:** | | | | **0** |
| **IV Қосымша ақпараттар** | | | | | |
| 1 | **Білімі** | | | | |
| | Шетелдік университеттер (ТМД елдерінен басқа) немесе Назарбаев университетінің дипломы | | 0 | 12 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 2 | **Жұмыс өтілі** | | | | |
| | ЖОО оқыту тәжірибесі бар | | | | |
| | ЖОО оқыту тәжірибесі жоқ | | 0 | 0 | 0 |
| | 3 жылға дейін | | 0 | 2 | 0 |
| | 3--10 | | 0 | 3 | 0 |
| | 10--25 | | 0 | 4 | 0 |
| | 25 жылдан аса | | 0 | 5 | 0 |
| | Мектепте / Колледжде оқыту тәжірибесі бар | | | | |
| | Мектепте / Колледжде оқыту тәжірибесі жоқ | | 0 | 0 | 0 |
| | 3 жылға дейін | | 0 | 3 | 0 |
| | 3 жылдан аса | | 0 | 4 | 0 |
| | 10 жылдан аса | | 0 | 5 | 0 |
| | ЖОО-дағы әкімшілік позициялардағы жұмыс тәжірибесі | | 0 | 1 | 0 |
| Лауазымын, жылын көрсету | | | | | |
| 3 | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған шетелдік** | | 0 | 3 | 0 |



(Оразаева Э.Д.) (Рыскалиев Ә.У.) (Жу...)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **журналдар мен журналдардың редакциялық алқаларына мүшелік** | | | | |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 4 | **Рейтинг нәтижелері (университеттің профессорлық оқытушылық құрамы үшін)** | | | | |
| | 2018/2019 | | *0* | | |
| | 2019/2020 | | *0* | | |
| | 2020/2021 | | *0* | | |
| 5 | **Сауалнама нәтижелері (университет профессорлық оқытушылық құрамы үшін)** | | | | |
| | "Оқытушы студент көзімен" | | *0* | | |
| | "Оқыту мен оқытуды бағалау"(2021/2022 о. ж. бастап енгізіледі) | | | | |
| 6 | **Марапаттар** | | | | |
| | Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығы және Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығы, мемлекеттік марапаттар | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 15 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | ғылыми марапаттар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | ғылым және білім саласындағы жоғары көрсеткіштері үшін мемлекеттік марапаттары | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | басқалар | 1оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | "Жыл мұғалімі" | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| 7 | **Атақтары** | | | | |
| | Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 15 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 7 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 10 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы мен алғысы | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 5 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Университет медальдары (құрметті қызметкер және т. б.) | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 2 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | Университеттің құрмет грамотасы / Алғыс хаты | 1 оқу жылы (2020/2021) | *0* | 1 | 0 |
| Растайтын ақпарат | | | | | |
| | **Қосымша ақпарат бойынша барлығы:** | | | | **0** |
| | **БАРЛЫҒЫ:** | | | | **0** |

*Тегі, аты-жөні* *Қолы*
QR-код

Педагогикалық, ғылыми қызметкерлер
және кафедра меңгерушілері
лауазымдарына конкурстық орналастыру
Ережесіне
3-Қосымша

## Оқытушының қызметін бағалау бойынша сауалнамасы

*Т.А.Ә.*

*атқаратын лауазымы*

*Кафедра атауы*

*Институт / факультет атауы*

Бағалау 5 балдық жүйе бойынша 0-ден 5-ке дейін жүргізіледі

| № | Кәсіби іскерліктер мен қасиеттер | Баллдар |
|---|---|---|
| | | 1 |
| 1 | Оқу іс-әрекетін жоспарлау, моделдеу білігі | 0 |
| 2 | Пәнге деген қызығушылықты ояту және колдау мүмкіндігі | 0 |
| 3 | Білім алушыны әділ және объективті бағалай білу | 0 |
| 4 | Оқу процесінде цифрлық білім беру технологияларын пайдалана білу | 0 |
| 5 | Білім алушылармен және әріптестермен байланыс орната білу | 0 |
| 6 | Үміткердің студенттермен әлеуметтік-тәрбие жұмысын жүзеге асыра білуі | 0 |
| 7 | Тиісті білім саласында ғылыми-эксперименттік зерттеулер жүргізе білу | 0 |
| 8 | Халықаралық, республикалық және университеттік конференциялар мен өзге де ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу | 0 |
| 9 | Студенттердің ғылыми үйірмелеріне, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық ету | 0 |
| 10 | Үміткердің зерттеу нәтижелерін бағалаңыз | 0 |
| 11 | Ғылыми басшылықтың сапасы | 0 |
| 12 | Үміткердің алқалылық деңгейі | 0 |
| | **Жиыны:** | |

**Бағалаушы тұлғаның аты-жөні:** *Т.А.Ә.*

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ КАФЕДРА МЕҢГЕРУШІЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

| Лауазымның атауы | Білімі | Ғылыми / академиялық дәрежесі немесе ғылыми атағы | Педагогикалық / өндірістік өтілі | Оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың болуы (жеке) (соңғы 5 жыл) | Комитет ұсынған басылымдардағы жарияланымдар (Соңғы 5 жылда) | Республикалық және халықаралық конференцияларда жариялау және қатысу |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **4** | **5** | **6** | **8** | **9** |
| Профессор | жоғары | ғылыми дәрежесі-ғ.д., ғ. к., PhD, қауымдастырылған ғылыми атағы. профессорлар | 10 жылдан кем емес | Ғылыми кеңес немесе РОӘК немесе қорғалған PhD докторы ұсынған Монография немесе оқулық, оқу құралы | 5 ғылыми еңбектен кем емес | кемінде 3 халықаралық баяндама |
| Қауымдастырылған профессор (доцент) | жоғары | ғылыми дәрежесі-ғ.д., ғ. к., PhD, | 5 жылдан емес емес | Ғылыми кеңес немесе РОӘК немесе қорғалған PhD докторы ұсынған Монография немесе оқулық, оқу құралы | 4 ғылыми еңбектен кем емес | кемінде 2 халықаралық баяндама |

| Лауазымның атауы | Білімі | Ғылыми / академиялық дәрежесі немесе ғылыми атағы | Педагогикалық / өндірістік өтілі | Оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың болуы (жеке) (соңғы 5 жыл) | Комитет ұсынған басылымдардағы жарияланымдар (Соңғы 5 жылда) | Республикалық және халықаралық конференцияларда жариялау және қатысу |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аға оқытушы | Жоғары/ жоғары оқу орнынан кейінгі | ғылыми дәрежесі к. ғ. к., PhD, б / дәрежесі | 3 жылдан кем емес педагогикалық өтіл / өндірістік өтіл | ғылыми кеңес немесе РОӘК ұсынған оқу-әдістемелік құрал | 2 ғылыми еңбектен кем емес | кемінде 2 халықаралық баяндама |
| Оқытушы (ассистент) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | 2 жылдан кем емес/өндірістік өтілі 3 жылдан кем емес | | | |

Педагогикалық, ғылыми қызметкерлер
және кафедра меңгерушілері
лауазымдарына конкурстық орналастыру
Ережесіне
*5-Қосымша*

**Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеннің үлгісі**

**Бюллетень**

___________________________________________________________________________

_______________________________________ лауазымына конкурстық іріктеу бойынша
(лауазымның, кафедраның атауы)

жасырын дауыс беру үшін

Конкурстық
комиссия ____________________________________________________________
(ЖОО, институт атауы)
___________________________________________________________________________

Конкурстық комиссияның отырысына _____________________________________
(хаттама күні және нөмірі)

| Үміткердің аты-жөні | Конкурстық іріктеу қандай лауазымға өткізіледі (тиісті кафедраны көрсете отырып) | Дауыс беру нәтижелері тегін қалдыру немесе сызып тастау арқылы көрсетіледі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

Ескерту: бір лауазымға екі және одан да көп үміткер конкурстық іріктеуге катысқан жағдайда бірде бір үміткер тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.